



Астана, Үкімет Үйі

201 _____ жылғы _____

« _____ » _____ 201 _____ г.

№ _____

target="_blank"№ исх: 974 от: 27.08.2011

**Шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір
республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға байқау
кеңестерін енгізу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 142-бабына және 148-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті», «Қарағанды мемлекеттік медицина университеті», «Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті», «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты», «Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты», «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты», «Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығы», «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті», «Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университеті», «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті», «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарына (бұдан әрі – кәсіпорындар) кәсіпорын органы – байқау кеңесі енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) кәсіпорындардың жарғыларына тиісті өзгерістер енгізуді;
2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов

**О введении наблюдательных советов в некоторые
республиканские государственные предприятия
на праве хозяйственного ведения**

В соответствии со статьей 142 и статьей 148 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Ввести в республиканские государственные предприятия на праве хозяйственного ведения «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», «Карагандинский государственный медицинский университет», «Государственный медицинский университет города Семей», «Научно-исследовательский институт кардиологии и внутренних болезней», **«Научно-исследовательский институт травматологии и ортопедии»**, «Казахский научно-исследовательский институт онкологии и радиологии», «Научный центр акушерства, гинекологии и перинатологии», «Республиканский центр развития здравоохранения» Министерства здравоохранения Республики Казахстан, «Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева», «Казахский национальный педагогический университет имени Абая», «Казахский национальный университет имени аль-Фараби», «Казахский национальный аграрный университет» Министерства образования и науки Республики Казахстан (далее – предприятия) орган предприятия – наблюдательный совет.

2. Министерству здравоохранения Республики Казахстан и Министерству образования и науки Республики Казахстан совместно с Комитетом государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан в установленном законодательством порядке обеспечить:

- 1) внесение соответствующих изменений в уставы предприятий;
- 2) принятие иных мер по реализации настоящего постановления.
3. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

К. Масимов